

**№10 С.Мұқанов атындағы орта мектеп бойынша өткізілген
қамқоршылық кеңес отырысының**

ХАТТАМАСЫ №3

Күні: 23 қараша 2021ж.

Қатысқандар: 7

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

1.Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылғы 23 қарашадағы хатына сәйкес мектептен Президенттік шыршаға қатысуын талаптарға сай ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңестің төрайымы Кзылбаева Гүлима Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылғы 23 қарашаның №03-04-01-12/2708 санды хатына сәйкес, жылда өтетін дәстүрлі Президенттік шыршаға мектебімізден бала қатыстыруымыз керек екендігін және оның мына талаптарға сай, яғни ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды, көп балалы, азқамтылған, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған, толық емес отбасынан шыққан балалар болуы қажет екендігін айтып өтті.

Сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ескалиева Шолпан мектебімізде жоғарда айтылған талапқа сай балалардың көп екендігін соның ішінде қорғаншылықта тұратын 3 оқушы және мектебімізде 140 көпбалалы, АСП аз қамтылған, толық емес отбасы бар екенін білеміз. Енді осылардың ішінен Президенттік шыршаға баруға лайықты оқушыны талапқа сай таңдап ұсынуымыз қажет.

Ұ.Ізбасарова әлеуметтік педагог – Біздің мектебімізде жалпы көпбалалы, АСП аз қамтылған, толық емес отбасы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған -140 оқушы бар. Соның ішінде 2019жылы мүмкіндігі шектеулі отбасы оқушысы облыстық шыршаға қатысты. Енді биылғы Президенттік шыршаға ата -ана қамқорлығынсыз қалған, қамқоршылықтағы отбасы оқушысы-5в сыныпта оқитын Төлеген Хадишаны жіберсек деген ұсынысым бар.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы, кеңес мүшелері мен мектеп әкімшілігі әлеуметтік педагог Ұлболсын Ізбасарованың ұсынысын дұрыс , талапқа сай шешім деп қабылдап, бір ауыздан Төлеген Хадишаны Президенттік шыршаға қатыстыруға қолдау көрсетті.

Әрі қарай да қамқоршылық кеңес мүшелері мен мектеп әкімшілігі бірігіп жұмыс жасауға, балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтары үшін ризашылығын білдіріп, рахметін айтты.